

KARAOKE
EVO BOX

Қолданушының қысқаша нұсқаулығы

Құттықтаймыз!


Сіз EVOBOX караоке-жүйесінің бақытты иегері болдыңыз.

Studio Evolution караоке-құрылғысын таңдағаныңыз үшін рахмет.

Қарапайым қадамдарды қадағалап, EVOBOX-ты қосып рахат алыңыз.

Бастаймыз ба?

Тез қосылу




1. HDMI-кабелдің бір шетіндегі жалғағышты теледидардың HDMI-портына, ал екіншісін EVOBOX-тың HDMI-портына **2** қосыңыз.
2. EVOBOX-ты аудиожүйеге RCA **6** кабелінің көмегімен қосыңыз.
3. TRS кабельдерін қолданып, микрофондарды немесе микрофондар қабылдағышын EVOBOX-тың сәйкес Mic1 и Mic2 **5** кіріс бөліктеріне қосыңыз.
4. EVOBOX-ты электрқуаты желісіне **1** қосыңыз.
5. Теледидарды қосып, караоке-жүйе қосылған HDMI кіру каналын таңдаңыз.
6. Экранда көрсетілген көмекші нұсқауларды қолданып, қашықтан басқару пультін қосыңыз, тілді таңдаңыз, сағаттық белдеу мен интернетке қосылу баптауларын жасаңыз.

ЕСКЕРТУ! Нұсқаулықта көрсетілген нұсқаулардың кезегін сақтамау, өрттің пайда болуы мен электр тоғынан зардап шегу, сонымен қатар әртүрлі дене зақымы мен құрылғының бұзылуына себеп болу мүмкін.

Караоке-жүйені белсендіру

Белсендірілмеген EVOBOX сынақ режимінде жұмыс істейді. Сіз караоке-жүйені сынақ режимінде шектеулермен қолдана аласыз. Әннің шырқалу уақыты 45 секундпен шектелген. Караоке-жүйені белсендіру үшін теледидардағы нұсқауларды қолданыңыз.

Қашықтан басқару Bluetooth® пульті



- 1 Фондық қойылымды таңдау (фото/видео).
- 2 Каталог, Сүйікті әндер, Кезек және жанр таңдау.
- 3 Функционалдық батырмалар.
Каталог, Сүйікті әндер, Кезек және ойнату экрандарына арналған:
сары - фондық музыканың плеерін ашу/жабу;
көк - ән туралы мағлұмат;
қызыл - орындауды жазу плеерін ашу/жабу;
жасыл - LiveFX-ті қосу/өшіру.
- 4 Дыбыс және әсер деңгейін реттеу.
- 5 **Тон** - музыканы -6 мен +6 аралығында реттеу.
Темп - қарқынды -12% бен +12% аралығында реттеу.
- 6 Орындауды жазуды қосу/өшіру.
- 7 Навигация.
- 8 Әнді қосуды басқаратын батырмалар группасы.
- 9 Пернетақта және іздеу фильтры.

KARAOKE
EVOBOX

[LIVE FX]

Половина меня
ищем друг друга

[LIVE FX]

Жанды дауысты концерт әсері

Орындаудын арнайы әсерін тудыру үшін, LiveFX әр әнге жекелей жасалған.

LiveFX арнайы **LIVE FX** таңбасымен белгілен әндерде ғана бар.

Әсерді қосу/өшіру үшін функционалды жасыл батырманы қолданыңыз.

Смарт-басқару

Караоке-жүйені толық өлшемді пернетақтасы бар жаңа Bluetooth-пулт немесе арнайы қосымшалар арқылы басқаруға болады.



EVONET

Смартфон арқылы
басқаруға арналған.



EVOCONTROL

Планшет арқылы
басқаруға арналған.



QR-кодты сканерлеңіз



[● ЗАПИСЬ]

Орындауларыңызды жазыңыз

EVOBOX-пен орындауларыңызды студиялық сапада жазыңыз. Жазуды қосу үшін пульте «Запись» немесе соған сәйкес қосымша интерфейсінде батырмасын басыңыз.

Сақталған жазбаларды USB-жинақтаушыға көшіріп алуға немесе дереу жақындарыңыз бен достарыңызға қосымшадан (әлеуметтік желілер арқылы) жіберіңіз.



Микрофондар баптамасы

Дауыс дыбысы көлемді және әсерлі болуы үшін, микрофон баптамаларын жасауды ұсынамыз. EVOBOX-тың «Настройки» баптамаларын ашып, «Аудио» (🎧) бөлімін таңдап «Микрофоны» (🎤) бөліміне кіріңіз. Эквализацияны өз дауысыңызға ыңғайлы баптап алыңыз, микрофондардың күшейту деңгейін және әсерлерін Эхо немесе Реверберацияны таңдаңыз. Әсерлер деңгейін реттеу қашықтан басқару пультінен немесе қосымшадан жасалады.




Әндерді сатып алу

Studio Evolution караоке-каталогынан кез-келген уақытта қалаған композицияларыңызды сатып алу мүмкіндігіңіз бар. Studio Evolution каталогы жұмасына бірнеше рет жаңа және тренді әндермен толтырылып тұрады.


Каталогтағы сұр түспен белгіленген әндерді сатып алуға болады. Сатып алудан бұрын, әнді демо режимінде тыңдап көруге болады. Сатып алу үшін Теңгеріміңізді толтырыңыз.



Теңгерімді толтыру мен сатып алу мүмкіндігі, тек интернетке қосылулы караоке-жүйеде жүзеге асырылады.




Жиынтық




EVOBOX
караоке-жүйесі




Bluetooth ҚБП



Аудио кабелі
2RCA-2RCA



HDMI кабелі



Қуат беру
блогы



Батарейкалар AA,
2 дн.



Қолданушы
нұсқаулығы



HDMI, HDMI High-Definition Multimedia Interface терминдері және HDMI логотипі HDMI Licensing Administrator, Inc. тауар белгісі немесе тіркелген тауар белгісі болып табылады.



Bluetooth логотипі мен сөзі Bluetooth SIG Inc. компаниясының тіркелген тауар белгісі болып табылады. Бұл белгілердің кез-келген қолданылуы лицензия бойынша жүзеге асырылады.

Спецификациясы

ЕVOBOX түстері

Black, Graphite, Silver, Ocean, Gold, Ruby

Габариттері мен салмағы

Биіктігі: 49 мм, ені: 198 мм, ұзындығы: 198 мм, салмағы: 1140 г

Караоке-жүйені басқару

Қашықтан басқару Bluetooth-пульті, смартфонға (EVONET) және планшетке (EVOCONTROL) арналған қосымшалар

Аудио кіру көзі

Микрофондық кіру: Балансты TRS 6.3 (Jack), 2 дн.
Микрофонның кіру көзінің максималды күшейтуі: 32,5 дБ
Максималды кіру амплитудасы: +0,14 дБн (0,788 Vrms)
Сигнал/шу кіру бойынша қатынасы: -95,9 дБ (A-weighted)
Динамикалық диапазон: 95,7 дБ
Гармониялы бұрмалану + шу: 0,0011 %
Жиілік алабы (+/- 0,5 дБ): 50 Гц – 20 кГц
Каналдардың өзара енуі: -95,3 дБ
Кіру кедергісі: 25 кОм
Аудио АСТ: Asahi Kasei Microdevices AK5703

Аудио шығу көзі

Стерео шығу: RCA, 2 дн.
Сигнал/шу шығу бойынша қатынасы: 99,3 дБ (A-weighted)
Динамикалық диапазон: 99,4 дБ
Гармониялы бұрмалану + шу: 0,005 %
Жиілік алабы (+/- 0,5 дБ): 20 Гц – 20 кГц
Каналдардың өзара енуі: -98,3 дБ
Максималды шығу амплитудасы: +4,7 дБн (1,34 Vrms)
Шығу кедергісі: 470 Ом
Аудио САТ: Asahi Kasei AK4430

Видео

Бейненің максималды ажыратымдылығы: 4K UHD (3840 × 2160)

Қолданымды файл форматтары

Видео: MOV, AVI, MP4, MKV
Дыбыс: WAV, OGG, MP3
Графикалық: PNG, JPG, JPEG
Караоке: EK2

Интерфейстер мен жалғағыштар

Wi-Fi 802.11ac қолдауы бар. Екі диапазонда жұмыс істейді (2,4 ГГц и 5 ГГц)
Bluetooth 4.1 Low Energy
HDMI 2.0
USB Type-A, 2 дн.
Гигабитті LAN (RJ45)
Қуат беру жалғағышы

Жинақтағыштар

EVOBOX: 120 ГБ (SSD)
EVOBOX Plus: 960 ГБ (SSD)

Жүйе

Процессор: Quad Core Cortex-A53
Жедел жад көлемі DDR4: 2 ГБ
Графикалық қосалқы жүйе: Mali-T820 MP3 GPU

Басқасы

Қуат көзі: 12 В / 2 А
Тұтынатын қуаты: 24 Вт
Жұмыс атқару температура диапазоны: 0-50 °С
Тасымалдау қорабының габариттері
(Е × Б × Ұ), мм: 333 × 134 × 324

EVOBOX жұмысы туралы көбірек support.studio-evolution.com білуге болады.

Құрылғының сыртқы түрі мен интерфейсі бұл нұсқаулықта көрсетілген сипаттаулардан өзгеше болуы мүмкін.



WWW.STUDIO-EVOLUTION.COM

EVOLINK SE-201D



САНДЫҚ СЫМСЫЗ МИКРОФОНДАР



Микрофондар тек қана 5В==1А немесе 5В==2А сыртқы қуаттау USB-адаптерінің* көмегімен ғана қуатталады.


* Қуаттау USB-адаптері жинаққа кірмейді.

Жұмыс басы



Жұмысты бастамас бұрын караоке жүйесі электр қуат көзі желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

1. Жинаққа кіретін антеннаны караоке жүйесінің* артқы панеліндегі UHF ANTENNA қосқышына қосыңыз.



2. Караоке жүйесін электр желісіне қосыңыз.

3. Микрофондағы ③ қорғаныс қақпағын бұрап алыңыз да, батареяны «+» полюсі төмен қарайтындай етіп салыңыз. Қақпақты бұрап, «Қуат түймесін» ① қысқа басып, микрофонды қосыңыз. Екінші микрофонмен процедураны қайталаңыз.

Микрофондар пайдалануға дайын.

* Микрофондардың тиімді және дұрыс жұмыс істеуі үшін антенна тік күйде орнатылуы керек, ал караоке жүйесі қабырғалардан, еденнен және металл беттерден кемінде 0,5 метр қашықтықта болуы керек.

Микрофонмен «Қуат түймесін» ① арқылы басқару:

- **Қысқа басу** — микрофонды қосады.
- Микрофон қосылып тұрған кезде **Қысқа басу** — микрофонды дыбыссыз «MUTE» режиміне ауыстырады.
- Микрофон қосылып тұрған кезде **3 рет қысқа басу** — арнаны өзгерту режиміне көшу.
- **Ұзақ басу** (~2 с) — микрофонды өшіреді.
- Микрофон өшіріліп тұрған кезде **Ұзақ басу** (~6 с) — микрофонды караоке жүйесімен түйіндестіру режиміне көшу.
- Микрофон өшіріліп тұрған кезде **Өте ұзақ басу** (~10 с) — микрофон нөмірін өзгерту.

Ұсыныстар

Келесі ережелерді сақтауды ұсынамыз:

1. Микрофонды корпустың ортаңғы бөлігінен ұстаңыз. Микрофонды төменгі жағынан ұстаған кезде, сіз ішкі антенналарды жауып тастайсыз.
2. Микрофонның орналасуын сәл төмен ауытқумен көлденең ұстауға тырысыңыз.
3. Дыбысты микрофон мембранасының ортасына бағыттаңыз.
4. Микрофонды динамиктерге бағыттамаңыз.
5. Микрофонмен ерін арасындағы ең қолайлы қашықтық — 2-5 см.
6. Ән айтуға бірнеше секунд қалғанда, бастапқы сөйлем тұтас болуы үшін микрофонды ерніңізге жақындатыңыз.
7. Микрофонды уақытша пайдаланбасаңыз, микрофонды «MUTE» режиміне қойыңыз.

Микрофонды жалғау

Жалғау


Егер микрофонды караоке жүйесіне жалғау қажет болса, келесі қадамдарды қолданыңыз:

1. Микрофондағы батареяның зарядталғанын және орнатылғанын тексеріңіз.
2. Караоке жүйесінің параметрлерін ашып, «Аудио» бөлімін таңдаңыз.
3. Одан кейін «Микрофондар» және «Қосылу» қосымша бөлімін таңдаңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Микрофон нөмірін өзгерту ⑥

Микрофон өшірілген кезде «Қуат түймесін» ① басып, 10 секунд ұстап тұрыңыз. Микрофон нөмірін ауыстырғаннан кейін микрофонды караоке жүйесіне «Қосылуды» жүргізу қажет.

Микрофон арнасын өзгерту ⑦

Әр микрофонда 16 байланыс арнасы бар. Микрофон қосулы кезде арнаны өзгерту режиміне өтіңіз: «Қуат түймесін» ① үш рет басыңыз. Микрофон экранында сіз  белгіні көресіз. «Қуат түймесін» қысқа басу ағымдағы арна нөмірін өзгертеді. Арнаны таңдағаннан кейін микрофон бұл режимнен автоматты түрде 5 секундтан кейін шығып кетеді.



МАҢЫЗДЫ! Караоке-жүйемен қосылыстың жоғалуын болдырмау үшін арнаны микрофон караоке-жүйеге қосылған кезде, EVOBOX қосулы кезде өзгерту қажет.

Пайдаланылатын жиіліктер кестесі, МГц

СН	01	02	03	04	05	06	07	08	09	10	11	12	13	14	15	16
МІС 1	661.500	662.300	663.100	663.900	664.700	665.500	666.300	667.100	667.900	668.700	669.500	670.300	671.100	671.900	671.700	673.500
МІС 2	676.500	677.300	678.100	678.900	679.700	860.500	681.300	682.100	682.900	683.700	684.500	685.300	686.100	686.900	687.700	688.500


SE•201D артықшылықтары

- Микрофон сигналын қабылдағыш караоке жүйесіне интеграцияланған
- Цифрланған дыбысты жеткізу
- Шуылға қарсы максималды қарсылық
- Динамикалық микрофон түрі
- 48 кГц сандық дыбыстық өңдеудің іріктеу жиілігі
- Ультра қысқа аудио кідіріс (latency)
- Жиілік сипаттамасы: 30 – 20000 Гц
- Микрофондағы бір түймемен теңшеу
- Сыйымды литий аккумуляторлары микрофон ішінде қуаттала береді
- Микрофон дисплейінде де, теледидар нэкранында да батарея деңгейін бақылау
- Толық зарядталғаннан кейін жұмыс уақыты — 10 сағаттан астам
- Жұмыс қашықтығы — 30 м дейін

Support.studio-evolution.com EVOBOX-пен микрофондардың жұмысы туралы көбірек білуге болады. Құрылғының сыртқы түрі осы нұсқаулықта көрсетілген сипаттамадан өзгеше болуы мүмкін.

Ақаулықтарды жою

Микрофон қосылмаса

- Батареяның полярлығына сәйкес дұрыс орнатылғанын тексеріңіз: «+» төменде болуы керек.
- Жинақта бірге жүретін USB-кабельді, микрофонның зарядтау портына  және 5В==1А немесе 5В==2А қуаттау USB-адаптеріне қосыңыз.

* Микрофоныздар тек қана сыртқы қуаттау USB-адаптерінен қуат алады (жинаққа кірмейді). Қуат алу кезінде микрофон жұмыс істемейді.

Микрофон қосулы, бірақ микрофоннан дыбыс жоқ

- EVOBOX акустикалық жүйеге дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Караоке-жүйе пульті арқылы жалпы дыбыс деңгейін және микрофонның дыбыс деңгейін ~75% деңгейде орнатыңыз.
- Егер жоғарыда көрсетілген тармақтарды орындағаннан кейін микрофоннан дыбыс шықпаса, караоке-жүйесіне қосуды* орындау қажет («Микрофонды жалғауды» қараңыз).

* Егер микрофондар дұрыс жұмыс істесе, қосылу процесін бастамаңыз. Бұл караоке жүйесімен микрофондардың қосылуын жоғалтуға әкелуі мүмкін.

Жұмыс істеу кезінде нашар сигнал немесе кедергілер

- Антенна дұрыс қосылмаған немесе караоке жүйесі дұрыс емес жерде орналасқан. Микрофондардың тиімді және дұрыс жұмыс істеуі үшін антенна тік күйде орнатылуы керек, ал караоке жүйесі қабырғалардан, еденнен және металл беттерден кемінде 0,5 метр қашықтықта болуы керек.
- Сыртқы электромагниттік кедергілер. Кедергілердің әсерін жою үшін микрофонды басқа арнаға ауыстырыңыз («Микрофонды жалғау» бөлімін қараңыз).

Техникалық деректер

Микрофон

Қолданылатын жиілік диапазоны: 660-690 МГц

Жиіліктің жұмыс жолағы: 30 МГц

Модуляция: DQPSK

Шығу қуаты (ВЧ): 9 мВт

Жанама сәулелену: <-50 дБ (көтергіш деңгейінен)

Антенна: ішкі

Арналар саны: 16

Арналарды өзгерту: микрофондағы түйме арқылы

Қуат элементі: литий-ионды аккумулятор, өлшемі 18500, 3.7 В, 1600 мАч

Толық қуатталған кездегі жұмыс уақыты: > 10 сағ

Қуаттау: USB-C порты арқылы, 5 В, 0.5 А (бір микрофон үшін)

Қабылдағыш

Қолданылатын жиілік диапазоны: 660-690 МГц

Жиіліктің жұмыс жолағы: 30 МГц

Арна ені: 300 кГц

Арналар саны: 16 арнадан 2 топ

Динамикалық диапазон: 96 дБ

Жалпы бұрмалау: < 0.1 %

Антенна: сыртқы, ұзындығы — 11 см

Жиілік диапазоны (аудио): 30 – 20 000 Гц
АЧХ біркелкі емес болған кезде ± 2 дБ

Шу/сигнал қатынасы: 96 дБ

Қабылдау сезімталдығы: -95 дБм

Аудио жіберуді кешіктіру: < 3 мс